

## Дебиторлық берешектер және өзге де активтер есебі

Серік А.А.

УА-18-1к тобының студенті

Мусипова Л.К

Ғылыми жетекші, магистр, аға оқытушы

Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

### Түйін

Мақалада дебиторлық берешектер және өзге де активтер есебінің мәні, кәсіпорындағы дебиторлық берешектер есебі қарастырылады.

*Кілтті сөздер: Дебиторлық берешек, тану, бағалау, мәміле, күмәнді қарыздар*

### Аннотация

В статье рассматриваются сущность учета дебиторской задолженности и прочих активов, учет дебиторской задолженности на предприятии.

*Ключевые слова: дебиторская задолженность, признание, оценка, сделка, сомнительные займы*

### Annotation

**The article deals** with the essence of accounting for accounts receivable and other assets, accounting for accounts receivable in the enterprise.

*Keywords: accounts receivable, recognition, valuation, transaction, doubtful loans*

Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру» туралы Қазақстан Республикасының 2007.02.28. N 234 Заңы еліміздегі бухгалтерлік есепті жүргізу жүйесін анықтайды, қаржылық есеп беру мен оның пайдаланылуын және есепке алудың негізгі принциптері мен жалпы тәртібін, ішкі бақылау және сыртқы аудит жөніндегі талаптарды, сондай-ақ ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді [1]. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін барлық кәсіпорын бухгалтерлік есептеу мен қаржылық есеп беруді осы заңға сәйкес жүргізуге міндетті.

Дебиторлық берешектер – кейде қаржы тәртібін бұзудан туады, қаржыны талан-таражға түсіруден, күрделі құрылысқа байланысты қарыздардан т.б. құралады. Дебиторлық берешектердің өсуі кәсіпорынның қаржы жағдайын ауырлатады. Осыған байланысты экономикада қоданылып жүрген есеп айырысу – несие қатынастарының тәртібі. Дебиторлық берешектің өсіп кетпеуін қадағалап отырады.

Дебиторлық берешектер - сатып алушылардың немесе тапсырыс берушілердің (бизнес контрагенттерінің) шаруашылық жүргізуші субъект алдындағы өткізілген тауар (жұмыс, көрсетілген қызмет) үшін ақша төлеу бойынша міндеттемелері. Ол *ағымдағы* (өтеу мерзімі бір жыл бойы) немесе *операциялық циклді және ағымдағы емес* болып бөлінеді. Есепте саудалық және саудалық емес дебиторлық берешекті бөліп көрсетеді. *Саудалық* дебитор берешегі - негізгі іс-әрекет нәтижесінде өткізілген тауарлар мен көрсетілген қызмет үшін сатып алушылардың міндеттеме сомасы. *Саудалық емес* дебиторлық берешек іс-әрекеттің басқа түрлері нәтижесінде (субъект қызметкерлеріне немесе филиалдарына аванстар, шығынды жабуға арналған депозиттер, алуға арналған дивиденттер мен проценттер, үкімет органдарына салықтарды қайтару жөніндегі тілек-талап және басқалар) пайда болады [2].

Дебиторлық берешектер үш топқа бөлінеді: *алынуға тиісті шоттар, алынған вексельдер және басқалар.*

Егер күмәнді дебиторлық болуы ықтимал және бағалануы мүмкін болса, оны шотта көрсету қажет. Салыстыру принципі бойынша дебиторлық берешектің кезеңде күмәнді шығындары мойындалуын талап етеді. Болжанатын дебиторлық бе операциялық іс-әрекеттен болған шығыс - күмәнді берешектер шығыстары көрсетіледі [3].

Дебиторлық берешек айналыстан қаражатты айыратындығын көрсететін болғандықтан, шаруашылық жүргізуші субъектілер бірінші кезекте олардың айналымдылығын талдайды. Әдетте, дебиторлық қарыздың айналымдылығы 30-дан 90 күнге дейін тең болады, егер де осы мерзімнен асып кетсе, онда оны мерзімі өтіп кеткен деп санайды.

Кеулімжаев Қ.К. пен Н.А.Құдайбергеновтердің пікірлерінше, дебиторлық берешектер деп аталатын алынуға тиісті шоттар компанияның негізгі өндірістік қызметінің ағымында өткізілген тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін клиенттің қарыз сомаларын көрсетеді. Олар шот-

фактуралармен, кейбір жағдайларда жазбаша қарыз міндеттемелермен көрсетіледі. Алынуға тиісті шоттарға жыл ағымында алынған келесі балнстық күн немесе компанияның операциялық циклі ағымында алынған сомаларды камтиды. Көбіне қарызды жою мерзімі 30 күннен 60 күнге дейінгі кезең саналады [4].

Дебиторлық берешектердің қысқа және ұзақ мерзімді түрлері болады. Дебиторлық берешектер шот-фактурамен расталады. Дебиторлық берешектер – негізгі қызмет нәтижесінде сатылған тауарлар мен қызметтер үшін сатып алушылардың міндететмелі сомалары.

Мұндай берешек әртүрлі себептермен туындайды. Әдетте, жүйелі емес сипатқа ие және негізінен кәсіпорынға зиян келтірумен немесе әртүрлі сыйақылар есептеумен байланысты.

Дебиторлық борыш есебі бухгалтерлік есеп жұмыс жоспарының «Қысқа мерзімді активтер» атты бірінші бөлімінің 1200-ші бөлімшесінде 1210 «Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» шоты бойынша жүргізіледі. Онда бір жылға дейін мерзімі бар активтер және керсетілген қызметтер үшін сатып алушылармен және тапсырысшылармен есеп айырысу бойынша операциялар және сатып алушылар мен тапсырысшылардың өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешегі көрсетіледі.

Басқа да дебиторлық берешекке жатады:

- кінәлі тұлғаларға есептен шығарылған кәсіпорын мүлкінің жетіспеуі, ұрлануы, ақауы, бүлінуі;

- сыйақы алуға;

- жалға берілген негізгі құралдар үшін жалдау ақысы.

Егер осы дебиторлық берешектің көлемі айтарлықтай болса, онда оны түрлері бойынша бөліп, жеке шоттарда есепке алады.

1260-жалдау бойынша дебиторлық берешек;

1150-алуға сыйақы;

1270-басқа да дебиторлық берешек.

Егер осы кредиторлық берешектің көлемі айтарлықтай болмаса, онда оның барлығы 1270 шотында ескеріледі.

Дебеттегі сальдо айдың басындағы және аяғындағы өтелмеген дебиторлық берешектің қалдығын көрсетеді. Дебетте ағымдағы айдың туындаған берешегі, ал кредитте оның жабылуы көрсетіледі.

1270 «Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек» шотының корреспонденциясы:

Шаруашылық операцияның мазмұны	Дебет	Кредит
Жауапты тұлғаға жатқызылған жетіспеушілік анықталды:		
Кассада	1270	1010
Материалдар қоймасында	1270	1310
Дайын өнім қоймасында	1270	1320
Жалға алушыға жалдау ақысы есептелген	1270	6260
Кассаға/есеп айырысу шотына дебиторлық берешек өтелді	1010	1270

Кәсіпорындарда талдамалық есеп қолданылатын бухгалтерлік есептің бағдарламасында компьютерлік бағдарламада қолданылады. Мысалы: 1С бухгалтериясы, Алтын, Лука сияқты бағдарламаларда жүргізіледі.

Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулардың есебі үшін 1210 «Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» және 2110 «Сатып алушылар мен тапсырысшылардың ұзақ мерзімді берешегі» шоттарында жүргізіледі.

Ұйым сатып алушылар және тапсырыс берушілерден аванстар алуы мүмкін. Алынған аванстар сомасы 3510 «Алынған қысқа мерзімді аванстар» шотының кредиті мен ақша қаражаты есебінің шоттарының дебеті бойынша көрсетіледі. Тапсырысты орындаудан кейін немесе өнімді тиегеннен кейін алынған аванс сомалары есепке жазылады. Бұл кезде 3510 шот кредиттеледі.

Сатып алушыларға өнім тиелгенде: Дебет шот 7010 Кредит шот 1320. Сатып алушыларға шот көрсетілген кезде 1210 шот дебеттеліп, 6010 шот кредиттеледі.

Еншілес ұйым бас компанияның бақылауындағы ұйым болып табылады.

Тәуелді ұйым инвестордың ықпалынан тәуелді болады және оның еншілес емес, бірігіп бақыланатын заңды тұлға да болмайды.

Еншілес (тәуелді) серіктестердің берешектерін есепке алу үшін 1220 «Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» және 1230 «Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі», 2120 «Еншілес ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі» және 1230 «Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі» шоттары арналған.

Кәсіпорын жұмыскерлерінің және басқа да тұлғалардың дебиторлық берешектері туралы ақпараттарды бейнелеу үшін 1250 «Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі» және 2150 «Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі» шоттары арналған. Шоттың дебеті бойынша есеп беруге тиісті сомалар, жұмыскерлерге көрсетілген займдар, материалдық шығынды өтеу сомалары көрсетіледі.

Есеп беруші тұлғалармен есеп айырысуды есепке алу. Өнеркәсіптік-шаруашылық қызметі барысында кәсіпорын қызметкерлерін қызмет бабымен іссапарға жібереді, дүкендерден кеңсе жабдықтарын сатып алады, почта арқылы жіберілген ақшаларды және басқа да шығындарды төлейді. Бұл шығындарды үнемі банк мекемелері арқылы нақты ақшасыз есеп-айырысу жолымен төлеу мүмкін емес. Сондықтан да жоғарыда аталған және басқа да шығындарды төлеу үшін қызметкерлерге нақты ақша беріледі және олар алған ақшасына есеп беруге тиісті [5].

Алдағы кезең шығындарының есебі дегеніміз есеп беру кезеңінде шығарылған бірақ келесі есеп беру кезеңінің шығындарына жатқызылатын шығындар. Оларға:

- алдын-ала төленген сақтандыру сомалары,
- келесі кезеңге жазылған газет-журналдар және басқа да ақпарат құралдарының құны,
- жалдық төлемдер,
- маусыммен жұмыс істейтін өндірістердің маусымдық шығындары
- алдын-ала төленген телефон төлемдері,
- коммуналдық төлемдер және т.б [6].

Алдағы кезең шығындарының есебі 1720, 2920 шоттарында жүргізіледі.

Күдікті берешектер бойынша резервтер қайтарылуы сенімсіз берешек дебиторлық берешектерді есептен шығаруға байланысты болуы мүмкін шығындарды жабу үшін жасалады. Қорларды есепке алу 1280 «Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері» шотында жүргізіледі [7].

Күдікті қарыз болып белгіленген мерзімде, ал егер мерзім белгіленбесе, онда бұл үшін қажетті уақыт ішінде өтелмеген дебиторлық берешектер, сондай-ақ тиісті кепілдіктермен қамтамасыз етілмеген берешектер есептеледі. Күдікті берешектер бойынша резервтер жылдың аяғында дебиторлық берешектерды тізімдеудің деректерінің негізінде жасалады. Ұйым күдікті берешектер бойынша резервтерді басқа кәсіпорындармен және ұйымдармен, сондай-ақ жекелеген жеке тұлғалармен есеп айырысу арқылы жасайды [8].

Күдікті талаптарды бағалаудың екі әдісі бар:

1. Таза сатудан несиеге пайыз әдісі;
2. Төлем мерзімдері бойынша дебиторлық берешектер есебі әдісі.

Бірінші әдісте несиеге таза сатудан және күдікті талаптардан зияндар арасындағы қатынастың орташа пайызын анықтайды, содан кейін осы пайызды күдікті талаптардың шамасын анықтау үшін есепті кезеңдегі іс жүзіндегі таза сатуға қолданады.

Екінші әдіс таза дебиторлық қарызға негізделген. Ол таза дебиторлық қарызды есептеу үшін 1280 «Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің құнсыздануынан болатын залалға арналған бағалау резервтері» шот бойынша қажетті қалдықты анықтауға мүмкіндік береді [9].

Күмәнді қарыздарды бағалау үшін қолданылатын дебиторлық қарыздарды өтелу мерзімі бойынша есептеу әдісі бухгалтерлік баланста таза дебиторлық қалдықтың қалуына негізделген. Бұл әдіс бойынша күдікті берешек пайызын анықтаған уақытта өткен кезеңдердегі мәліметтер пайдаланылады. Әдістің негізгі мақсаты болып күтіп отырған күдікті дебиторлық берешектің нақты ақшалай өзіндік құнын анықтау есептеледі [10].

Несиеге сатудан алынатын таза табыстан есептелген пайыз әдісіне карағанда дебиторлық қарыздарды өтелу мерзімі бойынша есептеу әдісі дебиторлық қарыздардың нақты өзіндік құнын өтеуге қажетті күмәнді қарыздарға жасалған резерв сомасының дұрыс жасалуына мүмкіндік береді. Кейіннен күдікті қарыздарға жасалған резерв сомасының ағымдағы қалдығы

талап етілген қалдыққа сәйкес түзетіледі. Бұл жағдайда күмәнді қарыз берілген түзетілім сомасына дебеттелінеді.

Жалпы күмәнді қарыздар бойынша жасалынған қажетті резерв сомасының мөлшерін анықтау үшін мыналар қолданылады:

- негізгі дебиторлық берешекке жасалған бірінғай құрамдастырылған мөлшерлеме;
- алынуға тиісті шоттың мерзіміне сәйкес әрбір сомасына бөлек негізделген мөлшерлеме.

Қорыта келгенде, бұл тақырып нарықтық экономика кезінде керекті болып табылады. Қарыз алушы кәсіпорындар мен ұйымдар тауарлар мен қызметтерді тікелей қолма-қол ақшаға емес, қарызға алады. Сондай кезде, әрбір кәсіпорын мен ұйым дебиторлық берешек шотын ашады.

Ал активтердің дұрыс танылуы, өлшенуі, уақытында есепке алынуы маңызды, себебі, олардың толықтығы, есеп шоттарында дұрыс көрсетілуі ұйым қызметінің нәтижесіне әсер етеді. Активтер құрамын, олардың қорлану көздерінің құрамын және құрылымына қатысты талдау жүргізу арқылы ұйым қызметіне баға беріп, оның балансының өтімділігі, қызметінің табыстылығы, іскерлік белсенділігі сияқты маңызды көрсеткіштерді анықтау мүмкін болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп есептілік туралы ҚР-ның 2007 жылғы 27 ақпандағы №234 Заңы, өзгерістер мен толықтырулар 1 қаңтар 2020 ж;
2. Черняк В., Шалболова У. Қаржылық талдау, Астана 2013 ж.
3. Бухгалтерлік есепшоттарының жоспары/ ҚР Қаржы министрлігінің №877 бұйрығы –2 қазаң 2018 ж;
4. Кеулімжаев Қ.К. Н.А.Құдайбергенов "Бухгалтерлік есеп теориясы және негіздері" Алматы, 2016 ж;
5. Толпаков Ж.С. Бухгалтерлік есеп - Қарағанды, 2009 ж.
6. Королюк Л., Шайтова Н. Финансовый учет – «Фолиант» баспасы, Астана 2012 ж;
7. Р.С.Әбдішүкіров, Б.С.Мырзалиев «Бухгалтерлік есеп» Алматы 2008 ж;
8. Назарова В.Л. Шаруашылық жүргізуші субъектілерінің Бухгалтерлік есебі, Алматы – 2015 ж.